

Орман қоры жерлерінің жекелеген участеклерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 336 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Алматы облысының табиғи ресурстар және табигат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талдықорған орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман қоры жерлерінің санатынан жалпы ауданы 7,7 гектар жер участеклері өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Алматы облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қора өзенінде 2-ші су электр станциясын салу үшін осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер участеклерінің "Коринская ГЭС-2" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындарын республикалық бюджеттің кірісіне өтесін және алынған сүректі көрсетілген мекеменің тенгеріміне бере отырып, аланды тазарту жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 29 мамырдағы
№ 336 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер санатына ауыстырылатын жер участеклерінің экспликациясы

Жер пайдалануышының атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде:			
		орман көмкөрғен	аланқай жерлер	жайылымдар	өзге жерлер
1	2	3	4	5	6
"Алматы облысы табиғи ресурстар және	7,7	6,3	0,1	1	0,3

табиғат пайдалануды реттеу баскармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талдықорған орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі					
Барлығы:	7,7	6,3	0,1	1	0,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК